



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 92 БАСТАП АЗ РЕЛИЗІ

Қаржы нарығындағы ахуал туралы

2014 жылғы 10 желтоқсан

Алматы

1. Инфляция

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми деректері бойынша 2014 жылғы қарашада инфляция 0,6% (2013 жылғы қарашада – 0,5%) болды. Бұл ретте азық-түлік тауарларының бағасы 0,7%-ға (0,7%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар 0,5%-ға (0,4%-ға) көтерілді. Ақылы қызмет көрсетеу тарифтері 0,5%-ға (0,4%-ға) өсті.


Азық-түлік тауарларының нарығында 2014 жылғы қарашада көп дәрежеде жарма 12,4%-ға, оның ішінде қаракүмық – 19,6%-ға, жемістер мен көкөністер – 2,5%-ға, оның ішінде орамжапырақ – 8,6%-ға, картоп – 8,2%-ға, ұн – 0,7%-ға, сүт өнімдері – 0,6%-ға, балық және теңіз өнімдері – 0,7%-ға, май және тоң майлар – 0,5%-ға, кондитерлік өнімдер – 0,3%-ға, сондай-ақ темекі бұйымдары – 1,0%-ға қымбаттады. Қанттың бағасы 0,1%-ға, есімдік-сары май – 0,4%-ға арзандады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында сыртқы киімнің бағасы 0,5%-ға, аяқ киім – 1,0%-ға, тұрмыстық үй заттары – 0,2%-ға, дәрі-дәрмектер – 1,5%-ға өсті.

Ақылы қызмет көрсетеу тобында тұрғын үй-коммуналдық саладағы қызметке ақы төлеу 0,7%-ға өсті. Бұл ретте орталық жылдыту үшін тарифтер 1,9%-ға, ыстық су – 1,7%-ға, сұйытылған газ – 0,8%-ға, тұрғын үйді ұстау – 0,6%-ға өсті, тарату желілері бойынша тасымалданатын газ үшін тарифтер 0,1%-ға төмендеді. Бұдан басқа, өткен айда амбулаторлық қызмет көрсетеу бағасы 0,4%-ға, білім беру қызметі – 0,3%-ға, мейрамханалар мен қонақүйлер қызметі – 0,9%-ға көтерілді, көлік қызметі – 0,2%-ға арзандады.

2014 жылғы қантар-қарашада инфляция 6,9% (2013 жылғы қантар-қарашада – 4,1%) болды. Азық-түлік тауарлары 2014 жылдың басынан бері 6,9%-ға (2,5%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 7,8%-ға (2,6%-ға), ақылы қызмет көрсетеу – 6,1%-ға (7,5%-ға) қымбаттады (1-график).

**2013 және 2014 жж. қантар-қарашадағы инфляция және
оның негізгі топтары**



2014 жылғы қарашада инфляция жылдық көрсеткіш бойынша 7,6% (2013 жылғы желтоқсанда – 4,8%) болды. Азық-түлік тауарлары соңғы 12 айда 7,7%-ға (3,3%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 8,6%-ға (3,3%-ға), ақылы қызмет көрсету – 6,6%-ға (8,0%-ға) қымбаттады.

2. Халықаралық резервтер мен ақша агрегаттары

2014 жылғы қарашада Ұлттық Банктің халықаралық резервтері ұлғайды. Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері 28,6 млрд. АҚШ долларына дейін 1,2%-ға ұлғайды (жыл басынан бері 15,8%-ға өсті). Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 1,4%-ға ұлғайып, 27,9 млрд. АҚШ долларын құрады (жыл басынан бері 15,3%-ға өсті). Ұлттық қордың активтерін толықтыру, Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету жөніндегі операциялар, сондай-ақ банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың төмендеуі Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарына валютаның түсінім және ішкі валюта нарығында жүргізілген операциялармен бейтараптандырылды. Нәтижесінде таза валюта корлары (ЕАВ) 2014 жылғы қарашада 1,3%-ға өсті, алтындағы активтер оның әлем нарықтарындағы бағасы төмендеген кезде жүргізілген операциялар нәтижесінде 1,9%-ға ұлғайды.

2014 жылғы қарашада жалпы алғанда елдің халықаралық резервтері Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін қоса алғанда (алдын ала деректер бойынша 76,8 млрд. АҚШ доллары) 105,4 млрд. АҚШ долларына дейін 0,3%-ға ұлғайды (жыл басынан бері 10,3%-ға өсті).

2014 жылғы қарашада ақша базасы 8,3%-ға тарылып, 3414,3 млрд. теңге болды (жыл басынан бері 20,8%-ға кенейді). Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 3382,1 млрд. теңгеге дейін 7,5%-ға тарылды.

2014 жылғы қазанда ақша массасы 13550,6 млрд. теңгеге дейін 0,6%-ға ұлғайды (жыл басынан бері 16,8%-ға өсті). Айналыстағы қолма-қол ақшаның көлемі 1274,4 млрд. теңгеге дейін 6,9%-ға төмендеді (жыл басынан бері 15,7%-ға төмендеді), банк жүйесіндегі депозиттер 1,5%-ға ұлғайып, 12276,2 млрд. теңгені құрады (жыл басынан бері – 21,7%-ға өсті). Ақша массасы құрылымындағы депозиттердің үлесі 2014 жылғы қантар-қазанда тіркелген айналыстағы қолма-қол ақша көлемінің қысқаруы аясында депозиттер көлемінің өсуі нәтижесінде 2013 жылғы желтоқсандағы 87,0%-дан 2014 жылғы қазанда 90,6%-ға дейін өтті.

Ақша мультипликаторы 2014 жылғы қантар-қазанда тіркелген ақша массасының өсуі қарқынымен салыстырғанда ақша базасы кеңеюінің үдемелі қарқынының салдарынан 2013 жылғы желтоқсандағы 4,10-нан 2014 жылғы қазаның қорытындысы бойынша 3,64 -ке дейін төмендеді.

3. Валюта нарығы

2014 жылғы қарашада теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы өзгерген жок және айдың аяғында теңгенің биржалық бағамы 1 АҚШ доллары үшін 180,87 теңге болды.

2014 жылғы қарашада қосымша сауда-саттықтардағы мәмілелерді қоса алғанда, Қазақстан қор биржасындағы биржалық операциялардың көлемі 2014 жылдың алдыңғы аймен салыстырғанда 24,3%-ға төмендеп, 7,0 млрд. АҚШ долларын құрады. Биржадан тыс валюта нарығындағы операциялар көлемі 0,8 млрд. АҚШ долларына дейін 53,4%-ға төмендеді.

Тұстастай алғанда, ішкі валюта нарығындағы операциялардың көлемі 2014 жылғы қазанмен салыстырғанда 29,0%-ға төмендеп, 7,8 млрд. АҚШ долларын құрады.

4. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы

2014 жылғы қарашада Қаржы министрлігі мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыру бойынша аукциондар өткізген жоқ.

Нәтижесінде Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі 2014 жылғы қарашаның соңында өткен аймен салыстырғанда 0,6%-ға қысқара отырып, 4178,2 млрд. теңгені құрады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқамерзімді ноттары.

2014 жылғы қарашада Ұлттық Банктің 3 айлық ноттарын орналастыру бойынша 2 аукцион болды (6,0 млрд. теңгеден). Орналастырылған ноттар бойынша тиімді кірістілік 3,27%-ды құрады.

2014 жылғы қарашаның соңында айналыстағы ноттардың көлемі 2014 жылғы қазанмен салыстырғанда 2,3%-ға ұлғайып, 44,7 млрд. теңгені құрады.

5. Банкаралық ақша нарығы

2014 жылғы қазанда орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемі 2014 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 21,7%-ға ұлғайып, баламасында 3083,1 млрд. теңге болды.

Тенгемен орналастырылған банкаралық депозиттердің көлемі 16,0%-ға өсіп, 778,0 млрд. теңге (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 25,2%-ы) болды. Бұл ретте тенгемен орналастырылған банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2014 жылғы қыркүйектегі 2,79%-дан 2014 жылғы қазанда 3,40%-ға дейін есті.

2014 жылғы қазанда доллармен орналастырылған депозиттердің көлемі 2014 жылғы тамызбен салыстырғанда 25,0%-ға ұлғайып, 12,3 млрд. АҚШ долларын (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 72,1%-ы) құрады. Доллармен орналастырылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2014 жылғы қазанда 0,07%-ды құрай отырып, өзгерген жоқ.

Ресей рублімен және евромен орналастырылған депозиттердің көлемі шамалы – орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің тиісінше 2,6%-ы және 0,04%-ы.

Шетел валютасындағы банкаралық депозиттердің үлесі орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 2014 жылғы қыркүйектегі 73,5%-дан 2014 жылғы қазанда 74,8%-ға дейін ұлғайды. Шетел валютасында резидент емес банктерде орналастырылған депозиттердің үлесі орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемінің 2014 жылғы қыркүйектегі 72,7%-дан 2014 жылғы қазанда 74,2%-ға дейін ұлғайды.

Ұлттық Банк банктерден тартқан депозиттердің көлемі 2014 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2014 жылғы қазанда 6,9%-ға ұлғайып, 674,5 млрд. теңгеге дейін құрады.

6. Депозит нарығы

Депозиттік ұйымдардағы резиденттер депозиттерінің жалпы көлемі 2014 жылғы қазанда 12276,2 млрд. теңгеге дейін 1,5%-ға көтерілді (жылдың басынан бері 21,7%-ға есті). Занды тұлғалардың депозиттері бір айда 7935,4 млрд. теңгеге дейін 2,3%-ға

көтерілді (жылдың басынан бері 28,4%-ға өсті), жеке тұлғалардың депозиттері 4340,8 млрд. теңгеге дейін 0,1%-ға төмендеді (жылдың басынан бері 11,2 %-ға өсті).

Ұлттық валютадағы депозиттердің көлемі 2014 жылғы қазанда 5,9%-ға 6193,4 млрд. теңгеге дейін төмендеді (занды тұлғалардікі – 4,4%-ға төмендеді, жеке тұлғалардікі – 9,4%-ға төмендеді), шетел валютасымен – 10,3%-ға 6082,8 млрд. теңгеге дейін ұлттайтын (занды тұлғалардікі – 12,4%-ға өсті, жеке тұлғалардікі – 7,6%-ға өсті). Тенгемен депозиттердің үлес салмағы бір айда 54,4%-дан 50,5%-ға дейін төмендеді.

Халықтың (резидент еместерді қоса есептегендегі) банктердегі салымдары 2014 жылғы қазанда 4377,8 млрд. теңгеге дейін 0,1%-ға төмендеді (жыл басынан бері 11,0%-ға өсті). Халық салымдарының құрылымында тенгемен депозиттер 1774,6 млрд. теңгеге дейін 9,5%-ға төмендеді, шетел валютасындағы депозиттер 2603,2 млрд. теңгеге дейін 7,5%-ға көтерілді. Халық салымдарының құрамында тенгедегі депозиттердің үлес салмағы бір айда 44,7%-дан 40,5%-ға дейін төмендеді.

2014 жылғы қазанда мерзімді депозиттер 8409,8 млрд. теңгеге дейін 2,2%-ға көтерілді. Мерзімді депозиттердің құрамында тенгемен депозиттер 4061,3 млрд. теңгеге дейін 5,8%-ға төмендеді, шетел валютасымен депозиттер 4348,5 млрд. теңгеге дейін 11,0%-ға көтерілді.

2014 жылғы қазанда банктік емес занды тұлғалардың тенгемен мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 5,5%-ды (2014 жылғы қыркүйекте – 5,3%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 8,4% (8,6%) болды.

7. Кредит нарығы

Банктердің экономиканы кредиттеуінің жалпы көлемі 2014 жылғы қазанда 0,5%-ға төмендеп, 12163,4 млрд. теңгені құрады (жыл басынан бері 7,7%-ға өсті).

Ұлттық валютадағы кредиттердің көлемі 8633,9 млрд. теңгеге дейін 1,7%-ға өсті (жыл басынан өсім 8,8%), шетел валютасындағы кредит көлемі 3529,6 млрд. теңгеге дейін 5,7%-ға төмендеді (жыл басынан бері өсім 5,2%). Тенгедегі кредиттердің үлес салмағы бір айда 69,4%-дан 71,0%-ға дейін өсті.

Ұзақмерзімді кредиттеу 2014 жылғы қазанда 1,1%-ға төмендеп, 9829,7 млрд. теңге құрады, қысқамерзімді кредиттеу 2333,8 млрд. теңгеге дейін 1,9%-ға өсті. Ұзақмерзімді кредиттердің үлес салмағы бір айда 81,3%-дан 80,8%-ға дейін төмендеді.

Занды тұлғаларға берілген кредиттердің көлемі 2014 жылғы қазанда 8125,2 млрд. теңгеге дейін 1,0%-ға төмендеді, жеке тұлғаларға кредиттер 4038,2 млрд. теңгеге дейін 0,3%-ға ұлттайтын. Жеке тұлғаларға берілген кредиттердің үлес салмағы бір айда 32,9%-дан 33,2%-ға дейін өсті.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 2014 жылғы қазанда 1724,6 млрд. теңгеге дейін 1,5%-ға өсті (жыл басынан бері өсім 34,4%), бұл экономикаға берілген кредиттердің жалпы көлемінің 14,2%-ын құрайды.

Салалар бойынша банктердің экономикаға берілген кредиттерінің ең қомақты сомасы сауда (жалпы көлемдегі үлесі – 19,4%), өнеркәсіп (11,1%), құрылыс (10,2%), ауылшаруашылығы (4,2%) және көлік (3,5%) сияқты салаларға тиесілі.

2014 жылғы қазанда банктік емес занды тұлғаларға ұлттық валютада берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 10,3% (2014 жылғы қыркүйекте – 10,1%), жеке тұлғаларға – 19,2% (18,5%) болды.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 2704 639, +7 (727) 2704 585, +7 (727) 3302 497, e-mail: press@nationalbank.kz, www.nationalbank.kz.